

**Поляк тауарларын сатып алуға кредит беру туралы Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметінің арасындағы Келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 12 мамырдағы  
N 661

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылғы 21 қыркүйекте Алматыда қол қойылған поляк тауарларын сатып алуға кредит беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметінің арасындағы Келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі аталған Келісімнің бекітілгені туралы Польша Республикасының Үкіметіне хабарласын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Польша  
Республикасы Үкіметі арасындағы поляк  
тауарларын сатып алуға арналған несие  
беру туралы  
Келісім

Екі жақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметі арасындағы 1992 жылғы 14 қазанда жасалған сауда-өндірістік, ынтымақтастық жөніндегі келісімге сүйеніп, сондай-ақ Қазақстан мен Польша арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамуына ерекше зор мән бере отырып, мына төмендегілер туралы келісті.

Польша Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Үкіметіне осы келісімде айқындалған шарттармен 30 миллион АҚШ долларының мөлшерінде екі б ө л і к т і                                н е с и е                                б е р е д і ;

10 миллион АҚШ доллары техникалық өнімдер мен халық тұтынатын тауарлардың жеткізілімін қаржыландыру үшін, 20 миллион АҚШ доллары инвестициялық проекттерге арналған жеткізілімін қаржыландыру үшін, осы Келісім белгіленген ш а р т т а р                                б о й ы н ш а .

## 2 - б а п .

Осы Келісімнің шеңберінде Қазақстан Республикасына өндірістік техникалық өнімдер мен халық тұтынатын тауарлар және инвестициялық проекттерге арналған поляк тауарлары жеткізіліп тұратын болады. Жеткізілімі әрбір елдің заңдары мен халықаралық саудада қазір қолданылып жүрген практикаға сәйкес Польша Республикасы мен Қазақстан Республикасының құзырлы органдарының өкілдері болып табылатын шаруашылықты жүргізуші субъектілер жасасқан келісім-шарттар негізінде жүзеге                                а с ы р ы л ы п                                о т ы р а т ы н                                б о л а д ы .

## 3 - б а п

Қазақстан Республикасының Үкіметі берілген несиені осы Келісімде айқындалған шарт пен мерзімге сәйкес несиені валютасымен өтеуге кепілдік береді.

Несиені өтеу жүзеге асырылады:

а) өндіріс-техникалық өнімдер мен халық тұтынатын тауарлар жөнінде - 10 миллион АҚШ доллары сомасына - үш жыл ішінде. Несиені өтелуінің басты мерзімі болып Польшадан Қазақстанға тауар жеткізудің аяқталу мерзімі саналады, несиенің бірінші бөлігін пайдалана бастаған жылдан бастап кешіктірмей.

Проценттік ставка ЛИБОР ставкасының негізінде алты айлық депозиттер үшін АҚШ долларымен есептеліп отыратын болады.

Проценттер несиені пайдаланған күндерін нақтысының негізінде жиналған қарыздың сомасына, бір жылда 360 күн бар екендігі есепке алына отырып, есептеледі.

Несиені алушы несиені берушіге проценттерді алты айлық мерзім

бойынша есептеп төлеп отырады. Негізгі қарызды өтеу және проценттерді төлеу бір уақытта жүзеге асырылады.

б) инвестициялық проекттерге арналған тауарлар жөнінде - 20 миллион АҚШ доллары сомасына - Польшадан Қазақстанға тауарлар жеткізуді аяқтау жылын еске ала отырып, мерзімін бір жылға ұзартумен бес жыл ішінде. Есептеу шарттары мен проценттер

төлеу, сондай-ақ негізгі қарызды өтеу а) тармағына ұқсас.

в) басқа шығындар мен комиссиялар тікелей банктер арқылы айқындалатын болады.

#### 4-бап

Осы Келісімнің банктік қызметін мыналар жүзеге асырады:

- Центрбанк,
- Варшавадағы С.А.Хандлев банкі.

Өкілетті банктер осы Келісімнің негізінде банкаралық Келісім жасайды.

#### 5-бап

Жеткізілімді жүзеге асырумен байланысты шығындар (сақтандыру, көлік экспедиция, кедендік операциялар) несие шеңберінде қаржыландырылатын болады.

#### 6-бап.

1-бапта ескертілген несие Қазақстан Республикасы Үкіметі оның өтелуіне кепілдік бергеннен соң және 4-бапта көрсетілген банктер арасындағы келісімдер жасалғаннан кейін ашылады .

7 - б а п

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметінің арасындағы осы Келісімнің қаулысын сақтаудың түсіндірілуіне қатысты даулар дипломатиялық жолмен шешілетін болады.

Егер дау басталғаннан кейін алты ай ішінде келісімге қол жетпесе Стокгольмдегі Сауда Палатасы Төрелік институтының процедура Жарғысына сәйкес дау шешілу үшін Төрелік трибуналға тапсырылады.

#### 8-бап

Осы Келісім екі Үкіметтің бекітуіне жатады, бұл тиісті ноталар алмасу арқылы расталатын болады.

Неғұрлым кешеуілдетіп жіберілген нотаны алған күн осы Келісімнің күшіне енген датасы болып саналады.

#### 9-бап

Осы Келісім өзінің барлық қаулылары толығымен орындалған сәтке дейін өз күшін сақтайды.

Осы Келісім қаласында 1994 жылы " " екі дана, әрқайсысы қазақ, поляк және орыс тілдерінде жасалды және үш текстінде күші бірдей.

Бұл текстерді түсінуде пікір алшақтығы туған жағдайда орыс тіліндегі текст шешуші деп саналады.

Қазақстан Республикасы	Польша Республикасы
Үкіметінің өкілдік	Үкіметінің өкілдік
тапсырмасы бойынша	тапсырмасы бойынша